

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 134 (9196)

1953 жылғы 7 июль Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ауыл-село комсомол ұйымдарының айбынды міндеттері

Бұл күндері облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері өздерінің алдында тұрған аса күрделі міндет — колхоз, совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасап, алдағы мал қыстату маусымына мал қорларын тынғылықты әзірлеу міндетін ойдағыдай жүзеге асыру үшін күресуде.

Преснов ауданындағы Маленков атындағы, Октябрь ауданындағы «Бірлік» ауылшаруашылық артельдері, Возрышен, Мамлют совхоздары сияқты алдыңғы қатарлы шаруашылықтар шөп шабу, жыйнау және маялау жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра қарқынды жүргізуде. Облысымыздың бұл сияқты алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетіп, оның өнімділігін арттыра түсудің ең басты шарты — жемшөптің мол қорын жасау жолына барлық күш-мүмкіншілік жұмылдырылуға.

Бүгін таңда облыс ауыл шаруашылығының алдында тұрған аса маңызды міндет — әрбір колхоз, совхозда мал азығының мол қорын жасау жолындағы күрес комсомол ұйымдарына да күрделі міндеттер жүктеледі. Партиямыздың тарихи XIX съезі колхоз, совхоздардың алдына қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра түсу, бұл үшін жемшөптің мол қорын жасау міндетін табысты шешу жөнінде күрделі міндеттер қойғандығын жете түсініп, комсомол ұйымдары бұл істе партия, совет ұйымдарына ойдағыдай көмек көрсетуге тиіс.

Кәзір облысымызда жемшөп дайындаудың ең жауапты кезеңі туып, барлық жерде шөп шабу, маялау және қыстаулар қасына пішен тасу, шөп сүрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алда тұрған күрделі міндетті жете түсінген комсомол ұйымдары жемшөп қорын жасау күресіне белсене араласуда. Облысымызда 5 мыңнан аса комсомолдар шөп шабуға, жыйнауға, маялауға және қыстау

аудандық комсомол комитеттері колхоз, совхоз және МТС комсомол ұйымдарының, ауыл-село коммунистерінің жемшөп қорын дайындау жұмыстарына белсене қатынасуын әлі күнге дейін қамтамасыз ете алмай келеді. Аталған аудандық комсомол комитеттерінің секретарьлары Сабирзянова, Молжігітов және Сунғатуллин жолдастар өз аудандарындағы жемшөп дайындау жұмысының жайын, оған әрбір колхоз, совхоз және МТС комсомол ұйымдарының қалай қатынасып отырғанын, әрбір шаруашылықта қанша комсомолдың жемшөп дайындау жұмысына қатынасып жүргендігін де жете білмейді. Бұл аудандық комсомол комитеттерінің қызметкерлері ауыл-село комсомолдарының жемшөп дайындауға қатынасуы жөнінде көп айтады да оларды бұл аса маңызды науқанға белсене қатынастырумен іс жүзінде шұғылданбайды.

Жемшөп дайындау да — маусымды жұмыс. Ол ыргалып-жырғалуды көтермейді. Сондықтан колхоз, совхоздар мен МТС-тердің барлық күш-мүмкіншілігі жемшөп дайындаудың қолайлы мерзімін өткізіп алмай, бұл жұмысты табысты аяқтауға жұмылдырылуға тиіс. Ал, комсомол ұйымдары, комсомолдар бұл күресте авангардтық роль атқаруға міндетті.

Нәрменді ұйымдастырылған социалистік жарыс қай жұмыста болса да табыс кілті екені мәлім. Олай болса, ауыл-село комсомол ұйымдары пішен жыйнауға жүрген комсомолдар мен жастардың, әсіресе, жас механикаторлардың социалистік жарысын кең өрістеріп, олардың алған міндеттемелерін күн сайын аброймен орындап отыруын қамтамасыз етулері керек. Аудандық комсомол комитеттері, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің бастаушы комсомол ұйымдары жемшөп дайындауға үздік шыққан комсомолдар мен жастарды әйгілеп, олардың жұмыс тәжірибелерін насихаттап отыруға тиіс.

Сол сияқты, комсомол ұйымдары жемшөп дайындауға қажетті мүмкіншіліктер

МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ БЕРІК ҚОРЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындаудың барысы туралы
5 ИЮЛЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

Аудандар	жоспардың орындалу проценти
Булаев	42,0
Петропавл	40,8
Совет	40,4
Ленин	40,2
Приешім	38,5
Көнүхов	35,6
Полудень	35,5
Соколов	31,6
Мамлют	30,7
Октябрь	30,0
Преснов	29,3
Колхоздар бойынша	34,8
Совхоздар бойынша	44,4

Озат фермада

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының № 1 фермасының коллективі қоғамдық мал үшін жемшөптің біржарым жылдық қорын жасау жөніндегі ақтөбеліктердің үндеуін қызу қолдап, бийыл фермада мал азығының мол қорын жасауға міндеттенді. Кәзір мұнда шөп шабу, жыйнау және оны маялау жұмыстары қызу жүргізілуде.

Тракторға тіркейтін кеңалымды шөп машинасын жүргізуші коммунист С. Мустафин жолдас үздік табыстарға жетуде. Ол смена сайын 27—34 гектар жердің пішенін шауып жүр. Мустафин жолдас өткен жылы осы кеңалымды машинамен 800 гектар жердің пішенін шалса, бийылғы маусымда 1200 гектар жердің пішенін шашпақ.

Мустафин жолдаспен социалистік жарысқа түскен, өздігінен жүретін шөп машинасымен жұмыс істеуші А. Горелов

Ауыл-село комсомолдары мен жастары! Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын мол дайындау күресіне белсене қатынасыңыздар. Сөйтіп, облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ақтөбеліктердің игілікті бастамасына іспен жауап беруіне лайықты үлес қосыңыздар!

Жемшөпті мол өндіреміз

Менің басқаруымдағы бригада Сталин атындағы колхозда бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Кәзіргі уақытта бригада колхозда жемшөп дайындауға белсене қатысауда. МТС пен колхоз арасында жасалған шарт бойынша біздің бригада бийылғы маусымда 4700 гектар жердің пішенін шауып, жыйнауға тиіс.

Біз жемшөп өндіруге жақсы әзірлікпен кірістік. Тракторлар, шөп машиналары мен тырнауыштар, пішен жыйнайтын басқа да құрал-жабдықтар жемшөп дайындауға күні бұрын және сапалы әзірленді. Соның нәтижесінде шөп шабуға уақытымыз кірісіп, оны алғашқы күндерден табысты жүргізуге мүмкіндік алдық.

Бригадада өздігінен жүретін 2 шөп машинасы, 3 тракторға тіркелетін кең алымды шөп машиналар агрегаты және 2 трактор тырнауышы бар. Шөп шабу науқаны басталмас бұрын колхоздың өндірістік бригадаларымен бірлесе отырып, мал азығын дайындау кезіндегі жұмыс жоспары жасалған болатын. Онда жемшөп дайындауға еңбек өнімділігін арттырудың, күш-мүмкіншілікті толық пайдаланудың тиімді шаралары белгіленді. Шөп шабу науқаны басталғаннан бері біз осы шараларды бұлжытпай жүзеге асырып келеміз.

Жұмысты өндірістік бригадалармен ынтымақтаса істейміз. Бұл мал азығын дайындауға техника қуатын толық пайдаланып, шөп шабу, жыйнау және маялау жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуге, жемшөп дайындау жөнінде тарап-айындаған графикті ұдайы толық орындауға мүмкіншілік туғызуда.

Партияның XIX съезінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын аброймен орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, біздің бригаданың мүшелері жемшөп дайындауға өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған болатын. Олар бұл күндері

жұмысты мезгілімен бастап, мезгілімен аяқтайды. Сөйтіп, жұмыс уақытының әрбір минутын ұтымды пайдаланып, сменалық норманы толық және артығымен орындайды. Бригада бойынша күн сайын 120 гектар орнына, 160—170 гектар жердің шөбі шабылады.


Шөп шабуға тракторшылар мен машинистер, пішен жыйнаушылар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Тракторшы Зинин және машинист Мухин жолдастар жұмысты ынтымақтасып істейді. Бұлар күн сайын біржарым, ал кейде екі нормаға дейін орындайды. Мухин жолдас тракторға тіркейтін кеңалымды шөп машинасымен смена сайын 30—32 гектар жердің пішенін шауып жүр. Осы сияқты, Николай Мальнев жолдас өздігінен жүретін шөп машинасымен смена сайын біржарым норма орындайды.

Шөп шабу, жыйнау және маялау жұмыстары арасында алшақтыққа жол бермеу үшін күресудеміз. Шабылған шөпті жыйнап, маяға салуға тракторлар және адамдар жеткілікті бөлінді. Бригада мүшелері пішен жыйнауға күндіз және бескүндік графикті мінсіз орындауда. Шөпті жыйнап, маяға тасуда тракторшы Яков жолдас үздік табыстарға жетуде. Ол «ХТЗ» тракторымен күн сайын 80—90 гектар жердің шөбін жыйнап, маяға тасыйды. Пішен дайындауға техника қуатын дұрыс пайдалану колхозда шабылған шөпті құнарлы күйінде жыйнап, маяға салуға қолайлы жағдай туғызып отыр.

Бригаданың жемшөп дайындауды көздігінен де жақсы жүргізуге мүмкіншілік бар. Біз қолда бар бұл күш-мүмкіншіліктерді барынша тиімді пайдаланып, жемшөп дайындау қарқынын арттыра түсеміз. Жемшөп өндіру жөніндегі жоспарды егін орағы басталғанға дейін толық орындап шығамыз.

С. КРАВЦУН.

Теміржолшылар күні қарсаңында



Петропавл паровоз депосының токарі Н. Тарасенко жолдас өндірістік тапсырманы үнемі артығымен орындап, бірнеше жылдан бері ешбір ақаусыз жұмыс істеп келеді.

Ол кәзір сменалық нормасын орындауды 250 процентке жеткізді.

СУРЕТТЕ: Н. Тарасенко жолдас. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Коммунистер — социалистік жарыстың сзаттары

Барлық совет теміржолшылары сияқты Петропавл вагоншылары да өздерінің дәстүрлі мерекесіне — теміржолшылардың Бүкілодақтық күніне лайықты тартулар әзірлеу үшін күресуде. Вагон депосының барлық цехтарында, техникалық бақылау пункттерінде және поезд-вагон мастерлерінің резервінде социалистік жарыс кеңінен өрістей түсті. Мереке алдындағы социалистік жарыста коммунистер басшы және оны ұйымдастырушы күш болып отыр. Ком

қасына ішпен тасуда жұмыс істеп жүр. Оның ішінде 700-ден астам комсомолецтер механизация күшімен шөп шауып, жыйнауда жұмыс істейді. Бұлардың арасында өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсіп жүрген комсомолецтер де аз емес. Мәселен, Соколов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозында өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машинисі комсомолец Милехин жолдас шөп шауда жұмыс тапсырмасын артығымен орындап, колхоздың барлық пішеншілеріне үлгі-өнеге көрсетуде. Совет ауданындағы «Көктерек» колхозында комсомол ұйымының инициативасымен пішен шабу жөнінде комсомолец-жастар бригадасы ұйымдастырылды. Бұл бригаданы комсомолец Шәріпов жолдас басқарады. Комсомолецтердің қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасау жолындағы өздерінің міндеттерін жете түсініп, бұл жұмыста қажырлы еңбек етулері нәтижесінде аталған бригада шөп шабу жөніндегі маусымдық тапсырманы көзінді өзінде 70 процентке жуық орындады.

Алайда, бұл мысалдардан облысымыздың барлық комсомол ұйымдары қоғамдық мал үшін жемшөп қорын жасау күресіне белсене қатынасып отыр деп айта алмаймыз. Шынын айту керек, облыс колхоз, совхоздарында шөп шабу мен жыйнау жұмыстары олқылыққа ұшырап отырса, бұл науқанға комсомол ұйымдарының қатынасуы да мейлінше қанағаттанғысыз. Әресе, Совет, Приешім, Преснов

Украинаның тігін өнеркәсібінің ұлғаюы

КИЕВ, (СОТА). Украинаның тігін кәсіпорындары ұлғайтылуда. Киевтің «Украина» тігін фабрикасында жаңадан салынып жатқан екі цех құрылысы аяқталып келеді. Кәсіпорны жаңа техникамен жабдықталуда. Бұл жыл аяғына дейін өнімді екі есе артық шығаруға мүмкіншілік береді.

Киевтің Смирнов-Ласточкин атындағы тігін фабрикасында жаңадан бір цех пайдалануға берілді. Мұнда кәзір бесалты түрлі пальто шығаруға мүмкіншілік беретін көп секциялық конвейер салынып жатыр. Осы кәсіпорнында қылқыбыр және жібек көйлектер тігетін

Қаратеңіз жағасындағы егін орағы

ОДЕССА, 5 июль, (СОТА). Өткен жылға қарағанда облыстың оңтүстік және орталық аудандарында астық жаппай пісті. Арпа мен күзгі бидайды жыйнау жұмысы тек қана комбайндармен жүргізілуде. Егіншілер далаға техника жағынан бұрынғыдан да күшті қаруланып шықты. Машина паркі өздігінен жүретін және тіркелетін 250 комбайндармен, жүздеген қуатты тракторлармен, жатып қалған астықтарды жыйнауға бейімделген және сабанды майлайтын әртүрлі машиналармен толықтырылды.

Облыс колхоздарының жартысынан артығы маялаушылардың еңбегін жетілдететін және еңбек өнімділігін 25—30 процент арттыратын, Одессаның

мен ресурстарды іздестіріп тауып отыруға керек.

Шөп жыйнау жұмысында механизаторлар зор роль атқарады. Сондықтан комсомол ұйымдары әрбір механизатордың машина қуатын сарқа пайдаланып, олардың жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындауына қамқорлық жасап отыратын болсын.

Комсомол ұйымдары пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмыспен социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыруда да партия ұйымдарына зор көмек көрсете алады. Бізде көптеген комсомолецтер үгітші болып істейді. Комсомол ұйымдары олардың пішеншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысты тыңғылықты жүргізуіне бақылау жасап, нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс.

Әрбір колхоз, совхоз бен МТС комсомол ұйымы жемшөп дайындау жұмысындағы өзіндік орнын тауып, нақтылы міндеттеме алуға, ол міндеттемені мінсіз орындап отыруға, сөйтін, қоғамдық мал үшін жемшөптің мол қорын жасау жөнінде партия, совет ұйымдарына зор көмек көрсетуге міндетті.

Ауыл-село комсомолецтері мен жастары! Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын мол дайындау күресіне белсене қатынасыңыздар. Сөйтін, облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ақтөбеліктердің игілікті бастамасына іспен жауап беруіне лайықты үлес қосыңыздар!

цех жетілдірілуде. Сол сыяқты, Запорожье, Львов, Волыньск және басқа облыстардың бірқатар тігін фабрикаларында жаңа цехтар салынууда.

Үстіміздегі жылы Украинаның тігін фабрикаларында қосымша 15 конвейер, шапшаң жүргізілетін көптеген тігін машиналары, бұйымдарды кептіруге керекті бу пресстері, кестелі өрнектерді шығаруға арналған машиналар және басқа жабдықтар орнатылатын болады. Жыл басынан бері 300-ден астам киімнің жаңа түрлері өндіріске енгізілді.

жөндеу заводы әзірлеген арнаулы егін маялаушы блоктарды алды. Өткен жылға қарағанда, механикаланған қырмандар үш есе артық жабдықталды.

Астық түсімінің бітік екендігі туралы хабарлар егін орағы басталған барлық аудандардан келіп жатыр. Кубань механизаторларының үлгісі бойынша Котовский, Ивановский, Коминтерн және басқа аудандардың колхоздары мен совхоздарында комбайнмен егін жыйнаудың тораптық әдісі кеңінен қолданылуда. Механика қуатының жоғары дәрежелілігі облыстың совхоздары мен колхоздарының көпшілігіне бастырылған астық дөңін уақытында тазартып, мемлекет қоймаларына өткізіп отыруға мүмкіншілік беруде.

жолдас та ішпен шауда үздік табыстарға жетуде. Ол өзінің алған көтеріңкі міндеттемесін аброймен орындауда. Горелов жолдас күндіз тапсырманы 130 проценттен кем орындаған емес. Осы сыяқты, кеңалымды шөп машинасының машинисітері Буконен, Доцков жолдас та жақсы нәтижелерге ие болып жүр.

Фермада шабылған шөпті маялау жұмыстары да қызу қарқынмен жүргізілуде.

Фермада мал азығын қыстаулар қасына тасу жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылып отыр. П. Никель және А. Пашкова жолдас күндіз сменалық норманы 120—130 проценттен орындайды. Олар көзірдің өзінде мал қоралары жанына 1000 центнерден астам жемшөп тасып үйді.

Міне, ферма коллективі ақтөбеліктердің жемшөптің берік қорын жасау жөніндегі үндеуіне осындай табыстармен жауап беруде.

Г. ЧЕШКОВ.

Совхоз партия бюросының секретары.



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТАР БЕРУ

Қазақ ССР Министрлер Советі әдебиет пен искусствоның аса көрнекті шығармаларына Абай Құнанбаев және Жамбыл Жабаев атындағы сыйлықтар берді.

Абай Құнанбаев атындағы 15 мың сом мөлшеріндегі бірінші сыйлық «Қарағанды» романы үшін Ғ. Мұстафинге берілді. 10 мың сом мөлшеріндегі екінші сыйлық «Ормандағы костер жанында» әңгіме-очерттер үшін М. Зверевке берілді. Скульптор Қ. Наурызбаевқа «Жеңімпаз» скульптурасы үшін 10 мың сом мөлшерінде екінші сыйлық берілді. Композитор С. Кәрімбаевқа «Оңтүстікте ақ алтын» атты музыкалық шығармасы үшін 5 мың сом мөлшеріндегі үшінші сыйлық берілді.

Жамбыл Жабаев атындағы 15 мың сом мөлшеріндегі бірінші сыйлық «Коммунизм оттары» кантатасы үшін М. Төлебаевқа берілді. 10 мың сом мөлшеріндегі екінші сыйлық «Қуаныш Отаны» атты симфониялық күйі үшін С. Мұхамеджановқа берілді.

(ҚазТАГ)

УТЫСТАР ТӨЛЕНУДЕ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскеменнің жыйнақ қасалары ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемінің (1952 жылы шығарылған) бірінші тиражы бойынша ұтыс төлей бастады. Үш күннің ішінде қаладағы облысқа иелеріне 300 мың сомға жуық ұтыс төленді.

Быйылғы жылдың алты айында жыйнақ қасалары еңбекшілерге екіжарым миллион сом дерлік ұтыс ақшаларын төледі.

өздерінің көтеріңкі еңбегімен ләйік еңбек етіп жүр. Тракторшылар да, машинисттер де, пішен жыйнаушылар да жұмысты график бойынша істейді. Жү-

Машинистердің пабысы

Ө. Нұртаев жолдас Ленин атындағы колхозда (Преснов ауданы) жұмыс істейді. Бұл күндері ол тракторға тіркейтін кең алымды шөп машинасымен пішен шауып жүр. Машинаны тоқтаусыз жұмысқа қосып, сменалық тапсырманы үнемі асыра орындау оның дағдылы ісіне айналған. Ол бір сменада 25-30 гектар жердің пішенін шабады.

Ақтөбеліктердің үстіміздегі жылы жемшөптің мол қорын жасауға шақырған үндеуін таңдаулы машинист зор қуанышпен қарсы алды. Үндеуге нақтылы іспен жауап беруді көздеп, ол маусымдық тапсырманы егін орағы басталғанға дейін толық аяқтауға ұйғарды. Көзір машинист

Полудень ауданы, Сталин атындағы колхозда жемшөп дайындауда жұмыс істейтін трактор бригадасының бригадирі.

осы міндеттемеге лайық еңбек етуде.

Осы аудандағы «Победа» колхозында жұмыс істейтін машинист Породеев жолдас та—шөп шауда үздік табыстарға жетіп жүрген машинистердің бірі. Ол өткен жылы кеңалымды шөп машинасымен 2350 гектар алаңның пішенін шапқан еді. Машинист үстіміздегі жылы 2500 гектар жердің пішенін шабуға міндеттенді. Породеев жолдас бұл күндері бір сменада 45 гектар жердің пішенін шауып, жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Оның маусымдық норманы артығымен орындап шығатындығына ешбір күмән жоқ.

Н. ҚҰСАЙЫНОВ,
Б. ЖҰНЫСОВ.

өндірістік тапсырманы асыра орындап, өнім сапасын жақсарту беруімен коллектив мүшелерін Отан игілігі жолындағы күресте жаңа табыстарға жігерлендіреді.

Депонь ең ірі цехтарының бірі—жүк тиеу вагондарын орта жөндеуден өткізу цехын мастер коммунист Подкорытов жолдас басқарады. Бұл цехта жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап сапалы жөнделген вагондарды көптеп шығару жолындағы социалистік жарыс ойдағыдай ұйымдастырылды. Апрель-май және июнь айларында цех коллективі өндірістік программаны асыра орындаумен бірге, жөнделген вагондардың 60 проценттен артығын өте жақсы сапамен жөндеп шығарды.

Механикалық цехтың партия тобы социалистік жарысты дұрыс ұйымдастырып, алған міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылап отырудың арқасында цехтағы барлық станоктардың өндірістік тапсырманы артығымен орындауына жетісті.

П. ОСИПОВ.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН СҮЛУ» ФИЛЬМІ ТҮСІРІЛЕ БАСТАДЫ

Алматының киностудиясында «Қозы Көрпеш және Баян сұлу» көркем суретті фильмін түсіру жұмысы басталды. Фильмнің негізіне Ғ. Мүсреповтың бір аттас пьесасы алынды.

Фильмді қоюшы режиссерлер Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ш. Айманов және К. А. Гаккель. Декорация жөніндегі бас суретші П. Я. Зальцман, суретшілер А. Ғалымбаева мен В. Колоденко. Операторлар—Сталиндік сыйлықтың лауреаты М. Арнышев пен А. Коваль.

Рольдерді орындаушылардың ішінде Қазақ ССР халық артистері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Қ. Қуанышбаев (Жарқын ролінде) және С. Қожамқұлов (Қарабайдың ролінде) Қозы Көрпеш ролінде—жас артист Т. Арғынбеков, Баян сұлу ролінде—Ш. Жандарбекова, Қодар ролінде—Н. Жантурин және басқалары бар.

(ҚазТАГ).



ҚАРАҒАНДЫ. Ленин проспектісі. Суретті түсірген П. Федоров. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Алғашқы астық—мемлекетке

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру қарқынын күшейтуде. «Заготзерноның» Шымкенттегі астық базасының қоймаларына Шымкент ауданының Куйбышев атындағы колхозының керуені келді. Керуен он тоннадан аса алғашқы бастырылған жаздық бидай жеткізді.

—Біздің колхоз,—деді ол,—мемлекетке астық тапсыру жоспарын белгі-

ленген мерзімнен 10 күн бұрын орындауға ұйғарды.

Дәл сол күні колхоздың комсомол ұйымының секретары Ботабек Жансейтов бастаған транспорт бригадасы дайындау базасына астық тиелген тағы бір керуен алып келді.

Шалдар совхозы, Шымкент ауданының Тельман атындағы колхозы және басқа көптеген колхоздар мен совхоздар бидай тапсыру жұмысын күшейтуде.

ЖЕТИСУДА КҮЗДІК ЕГІС ЖЫЙНАЛА БАСТАДЫ

ПАНФИЛОВ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Жаркент МТС-інің механизаторлары 1 июльде, қамтуындағы колхоздарда күздік бидайды іріктеп жыйнауға кірісті. Станцияның таңдаулы комбайншысы Изим Құрбанов Молотов атындағы колхозда алты сағаттың ішінде 12 гектар егін орып, 200 центнерден аса астық бастырды. Комбайншы Трофим Гуденко Каганович атындағы колхозда егін орауға кірісті. Бұл комбайншылардың екеуі де сағаттық графигі бойынша жұмыс істеуде. 2 июльде оны ауылшаруашылық артельдерінде тағы да алты комбайн егін жыйнауға кірісті.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совхоз партия ұйымы жемшөп молшылығы үшін күресте

Бозвышен совхозы партия ұйымы пішешілер арасындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыру жолымен мал азығының берік қорын жасауды өзін басты міндеттерінің бірі етіп қойып отыр. Біз бұл жұмысты ең алдымен Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКМ Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында малды пішенмен қамтамасыз ету шаралары туралы» қаулысын коммунистер мен совхоз жұмысшыларына жете түсіндіруден, сойтіп, оларды қажырлы еңбекке ұйымдастырудан бастадық.

Июнь айында партия ұйымының ашық жыйналысы шақырылып, онда Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКМ Орталық Комитетінің мал азығын дайындау жөніндегі қаулысын жүзеге асыру жөнінде мәселе талқыланды. Пішешілер бригадаларында жұмыс істеуге 25 коммунистер мен комсомолдер бөлінді. Олардан еңбекте өнеге көрсетумен бірге, пішешілер арасында партиялық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуге даяр етілді.

Мұнан кейін Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКМ Орталық Комитетінің қаулысы совхоздың әрбір бөлімшесіндегі пішешілер бригадаларының өндірістік жыйналыстарында талқыланды. Жыйналыстарда совхоз пішешілері бұл қаулыны қызу қуаттап, мал азығының берік қорын жасау жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды, өзара социалистік жарысқа ұнжасты.

Совхоз партия ұйымы пішешілер арасындағы коммунистер мен комсомолдер арқылы пішешілердің социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерінің орындалуына күнбе-күн басшылық және бақылау жасауда.

№ 1 бөлімшесіндегі пішешілер бригадасының бірінде коммунист А. Бойко жолдас бригадир, комсомолец Ахметов жолдас үгітші болып істейді. Мұнда пішешілердің социалистік жарысының барысы өндірістік кеңесте, үгітшінің әңгімесінде, көрсеткіш тақтасында өлгіленіп, озаттардың тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылады. Мәселен, өздігінен жүретін шөп машинасын жүргізуші Ивач Пекр жолдас бір маусымда 2 мың гектар жердің шөбін шабуға міндеттенгенді. Ол алғашқы күннен бастап күндік нормасын біржарым есе орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсете білді. Бригаданың өндірістік кеңесінде Пекр жолдасының тәжірибесі тақыланды. Бұл жөнінде үгітші Ахметов жолдас бригада мүшелерімен

әңгімелер өткізді. Пекрдің тәжірибесі жауынгерлік листоктерге жазылды. Бұл шаралар өзіннің игі нәтижелерін берді. Бригаданың мүшелері Пекр жолдасының инициативасын қызу қолдап, күнделік тапсырмаларын артығымен орындауға жетісті. Тракторшы Петр Крош күн сайын 60 гектардың орнына, 90—100 гектар жердің шөбін жыйнайтын болды. Шабылған шөпті маялауда жұмыс істейтін Тидеубергенов жолдасының званосы еменалық норманы екі есе орындауға жетісті.

Осының нәтижесінде Бойко жолдасының бригадасы мал азығын дайындауда совхоз бойынша бірінші орынға ие боаып келеді. Совхоз партия ұйымы үгітшілердің соңғы бір кеңесінде Бойко және Ахметов жолдасардың баяндамасын тыңдады. Олар бригадада озаттардың тәжірибелерін насихаттау жөніндегі жұмыстарын ортаға салды.

Шөп шабу және оны жыйнау жұмыстары № 5 бөлімшенің бригадаларында да ойдағыдай ұйымдастырылып келеді. Бұларда шабылған шөп дереу жыйналып, маяла салынады.

Алайда, пішешілердің социалистік жарысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Біз әлі де болса мал азығын дайындауда жұмыс істейтін совхоз еңбекшілерінің, әсіресе, механизаторлардың техника күшін толық пайдалануына жетісе алғанымыз жоқ. Жақында болып өткен партия жыйналысында шөп шабу науқанының барысы жөнінде совхоз директоры Богинич жолдасын баяндамасы тыңдалды. Жыйналыста № 3 және № 4 бөлімшелердегі пішешілер бригадаларының жұмысында орын алған елеулі кемшіліктердің беті ашылды. Ол кемшіліктер қолда бар мүмкіншіліктерді, әсіресе, техника күшін сарқа пайдаланбаудан болып отыр.

Партия ұйымының инициативасы бойынша совхоз механизаторларының кеңесі өткізіліп, онда шөп шабуға жұмыс істейтін тракторлар мен машиналардың қуатын өнімді пайдалану жөнінде мәселе қойылды.

Совхоз партия ұйымы істе кездескен кемшіліктерді дереу жою шараларын қолдана отырып, пішешілердің социалистік жарысын ұйымдастыру ісін онан әрі жақсарту береді, сойтіп, мал азығының берік қорын жасау жөніндегі міндеттің аброймен орындалуына жетіседі.

К. БЕЛЫЙ,

Совхоз партия ұйымының секретары.

Петропавлда демалыс күні

Өткен демалыс күні қала еңбекшілері әдеттегідей, ерте оянып, Заводтардың гудогі мен поездардың дауысы, машинаның гүрілі таңертеңгілікте тынымсыз естіледі. Жайнап шыққан күн алтын шапағын шашып, шық басқан гүлдер мен өсімдіктерді құлпырта түсті.

Өздерінің демалыс күнін көңілді өткізу үшін қала еңбекшілері табиғаты бай, көкөрайлы өсем жерлер мен демалыс орындарына қарай жеңіл және адамдар тасыйтын арнаулы машиналармен ағыла бастады.

Демалысты қала ішінде өткізгендер партерде, стадиондарда, кинотеатрларда және басқа мәдениет орындарында болды.

Мәдениет және демалыс

паркінде

Аллеяны бойлай, ағаш саясына қойылған орындарда көптеген адамдар отыр. Олардың көбінің қолында газет журналдардың соңғы номерлері. Кейбіреулері шахмат, дойбы ойнап отыр. Көптеген адамдар өздерінің мергендік шеберлігін байқау үшін тирға келді. Библиард ойнайтын бөлменің іші де адамдарға лық толы.

Кешке ашық эстрадада Қостанай филармониясы артистерінің үлкен концерті болды. Оған бір мыңға жуық адам қатысты. Концерттің программасында оперетталардан үзінділер, күлдіргі әндер мен тақпақтар бар. Түнгі сағат 1-ге дейін адамдардың серуені тоқтаған жоқ.

Балалар паркінде

Ретімен жиі болып өскен ақания ағаштарының арасынан балалардың көңілді күлкісі естіледі. Мұнда қалалық пионер лагері орналасқан. Балалардың бірқобы екі командаға бөлініп, парк алаңында футбол ойынына қызу кіріскен. Алаң маңындағы көкжасыл шөптің үстінде аға пионер вожатыйы өзін айнала отырған пионерлерге корей ертегілерін айтып отыр.

Карусель жанында өздерінің кішкене немерелері мен балаларын таза ауада

Үлгілі әзірлік

Октябрь ауданының еңбекшілері Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің облысымыздың ауыл-селолық Советтерінің депутаттары, активтерін, жұмысшыларын, колхозшыларын мен қызметшілерін мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырған үндеуін қызу қолдап, бұл күндері мектептерді оқу жылына ұқыпты әзірлеу үшін аянбай еңбек етуде.

Ауданның көптеген мектептері жабайы жондеуден өткізіліп, көздің өзінде жаңа оқу жылына әзір тұр. Аудан жұртшылығы мектептерді жөндеуге, оларды отынмен, жарықпен қамтамасыз

демалуға әкелген қарттар мен аналар. Карусель зырылдап айналған сайын ондағы арыстанға, атқа, жолбарысқа мініп отырған балалар өздерінің бақытты балалық шағына разы болғандай туысқандарына қарап, жымыйып күліп қояды.

Есіл жағасында

Ирелендеп аққан күміс сулы Есіл өзенінің жағасы қала жұртшылығының көңілді түрде демалатын сүйікті жерінің бірі. Күннің көзі жерді қыздыра бастасымен-ақ лек-легімен ағылған қалалықтардың үлкен тобы жағаға келе бастады. Бұл арада мыңдаған адам суға шомылып, күн көзімен шынығуда. Ымырт жабылғанша Есіл маңы адамдарға толы болды.

Стадиондарда

Қаланың барлық стадиондарында да спорттың әр түрінен спорт жарыстары өткізілді. «Электрик» стадионында Қазақ Кәсіподақтар Советінің кубогін алу үшін Көкшетаудың «Машиностроитель» командасы мен қаланың «Электрик» командасының футболшылары кездесті. Ойын 2:1 есебімен электриктердің жеңісімен аяқталды.

«Динамо» стадионында «Локомотив» — «Динамо» командаларының футболшылары кездесті. Бұл жолы 2:1 есебімен локомотивтіктер динамолықтарды жеңді.

Кітапханада

Бұл күні қаланың барлық кітапханаларында да адамдар жай күндеріден өлде қайда көп болды. Олардың бірқатары оқып бітірген әдебиеттерін ауыстырып, жаңа әдебиеттер алуға келген.

Облыстық кітапхананың оқу залына сағат 1 кезінде кітап оқушылар көп жыйналды. Бұлардың көпшілігі заводтардың жұмысшылары. Олар техникалық әдебиеттер мен «Наука и техника» журналынан ғылымның соңғы жаңалықтарын оқып отыр. Кейбіреулері жақында өтетін кітап оқушылар конференциясына баяндамалар әзірлеуде.

жақсы біледі. Міне, сондықтан да олар осы бастан мектепті жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуді өздерінің қасиетті борышы деп санайды.

Чапаев атындағы, Жамбыл атындағы, Ленин атындағы және басқа мектептер бұл күндері жаңа оқу жылына толық әзір тұр. Аталған мектептер керекті отынмен қамтамасыз етілді. Келесі жылы мектепте оқытын оқушылардың тізімі алынды. Мұнымен бірге бұл мектептердің мұғалімдері колхоз шаруашылығына да көмектесуде. Олардың көбі шөп шабу науқаны кезінде бригадаларда болып, үгіт-бақаралық жұмыстарын жүргізеді, бригаданың қабырға газетте

КОРЕЯДАҒЫ ОҚЫЙҒАЛАР

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 5 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 5 июльде өткен күні майданда еш

қандай өзгеріс болған жоқ деп хабарлады. Кеше түнде американ самолеттері тағы да Пхеньянға айуандықпен шабуыл жасады.

Кореяның бейбіт қалалары мен селоларына американ авиациясы әлі шабуыл жасауда

ПХЕНЬЯН, 5 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасының қалалары мен селоларына американ самолеттері шабуыл жасауды әлі тоқтатқан жоқ.

Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 29 июльде 28 американ самолети Солтүстік Пхенан провинциясындағы Емчжу уезінің селоларына шабуыл жасаған. Шабуылдың салдарынан ондаған шаруалардың үйлері мен жер үйлер қыйратылған, қаза тапқандар және жараланғандар бар.

30 июльде американ ауыр бомбардировщиктері Оңтүстік Пхенан провинциясындағы Суан уезіндегі шаруалардың үйлерін бомбалаған. 39 бомбардировщик Солтүстік Пхенан провинциясындағы Кусон уезінің селоларын сүрапыл бомбалаған. Халықтың арасында қаза тапқандар бар. Сол күні американ самолеттері Оңтүстік Хамген провинциясындағы Хамчжу уезінің елді пункттеріне және Хванхэ провинциясындағы Саривонь қаласына шабуыл жасаған.

Калькуттадағы демонстрациялар мен түпкындаулар

ДЕЛИ, 4 июль. (СОТА). Калькуттада трамвай билеттерінің қымбаттауымен байланысты халықтың жаппай наразылығы күшейе түсуде. Калькуттада трамвай транспорты ағылшын капиталистерінің билігінде. Батыс Бенгалияның Заң шығару жыйналысының коммунист депутаты Джоти Басу жуырда: 1939 жылы Калькуттадағы ағылшын трамвай компаниясының таза пайдасы 850 мың рупий болса, көзір оның пайдасы 1 миллион 174 мың рупийден асып түсті деп хабарлады.

Калькуттадағы жаппай ереуіл

ДЕЛИ, 5 июль. (СОТА). Ағылшын трамвай компаниясының трамвай билетінің бағасын қымбаттату туралы қарарына қарсы жауап ретінде кеше Калькутаның еңбекшілері жаппай ереуіл жариялаған. Қалада транспорт, дүкендер, мектептер, колледж және кәсіпорындарының көпшілігі жұмысты тоқтатқан. Үкімет мекемелері қызметкерлерінің көпшілігі жұмысқа шыққан жоқ. Полиция көшелерде автобустар мен таксилерді тоқтатқан қаланың тұрғын адамдарына қарсы көзден жас ағызатын гранаталар қолданған. Қазаға ұшырағандар бар.

«Таймс оф Индианың» хабарына қарағанда, 3 июльде Калькутта халқы ағылшын трамвай компаниясына қарсы күрес бастаған. Трамвай жолдарында көлденең баррикадалар жасалған. Қалада трамвай жүрісі толық тоқтатылды. Полиция адамдарды тұтқыға алуда. 600 адам тұтқыға алынған, оның ішінде Джоти Басу және кәсіподақтарының саяси көрнекті тағы басқа қайраткерлері бар. Қалада митингтер мен демонстрациялар өткізілуде. Еңбекшілер трамвай билетіне қосымша төленетін құнды жоюды талап етуде.

Батыс Бенгалия штатының бас министрінің резиденциясында кеше көп адам қатысқан демонстрациялар болып, оларға қатысушылар штаттың үкметінен ағылшын трамвай компаниясының заңсыз қарарларына қарсы батыл шаралар қолдануды талап еткен. Қаланың орталық алаңында барлық солшыл партиялардың бірлескен қыймыл комитеті ұйымдастырған жаппай митинг болды. Митингке қатысушылар Индиядағы ағылшын капиталын национализациялауды талап еткен.

Саяси жұмысты күшейту қажет

Жақында КБН Полудень аудандық комитетінің пленумы Ново-Георгиевка МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Руденко жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Пленум МТС-те саяси жұмыстың мүлде қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отырғанын атап көрсетті. Үгітшілер трактор ортақтарында болмайды. Механизаторлар үшін лекциялар мен баяндамалар оқылмайды. МТС басшылары саяси жұмыстан қол үзген. МТС директоры Штапаук, бас агроном Оверченко жыл бойы механизаторлар алдында саяси баяндама жасаған емес. Ал, Руденко жолдастың өзі колхоздардағы кейбір трактор бригадаларында соңғы 4 айда бірде-бір рет болған жоқ.

Осы сыяқты, МТС партия ұйымының жыйналымы окта- текте ғана өтеді. Онда партиялық-саяси жұмыстың жайы сирек талқыланады. МТС-те механизаторлар арасындағы социалистік жарыстың барысы тексеріліп, оның қорытындысы бригадалардың өндірістік жыйналыстарында талқыланбайды.

Саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуы себепті быны МТС көктемгі егіс және пар жұрту жұмыстарын ұзаққа созды. Шөп шабу жөніндегі жоспар небары 7,3 процент орындалып отыр.

Пленум МТС-те саяси жұмыстың жақын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

етуге баулығанды есуде. Ауыл-селолық Советтердің мектептерге көмегі бұрынғыдан да жақсара түсті.

Оқу-тәрбие жұмысының жақсаруы мектептердің жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірленуіне байланысты екенін мектеп басшылары мен мұғалімдер өте

Бастамаға жауап

Преснов ауданындағы Айымжан жетікылдық мектебінің директоры Хабаев жолдас мектепті жаңа оқу жылына әзірлеу ісін ерте бастан қолға алып, бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастырды. Соның нәтижесінде мектепте жаңа оқу жылына әзірлік кәзірдің өзінде сапалы аяқталды. Мектеп үйі ағартылды, қысқа керекті отын жеткілікті мөлшерде дайындалып, толық тасылып алынды. Бұл — мектеп коллективінің александровкалықтардың бастамасына жауабы.

Мектеп коллективі оқу жылын үлгі-

Октябрь ауданы мектептерінің коллективтері жаңа оқу жылына үлгілі әзірленіп, александровкалықтардың шақыруына қарқынды еңбегімен жауап беруде.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Өз тілшіміз).

лі әзірлікпен қарсы алуға күш жұмсай отырып, оқу жасындағы балалардың тізімін дұрыс алу мәселесіне көп көңіл бөлді. Сөйтіп, жаңа оқу жылында мектептен оқуға тиісті оқушылардың есебін алуды ойдағыдай жүргізді.

Кәзір мектеп коллективі оқу жылына әзірлікті толық аяқтап, қоғамдық малға жемшөп дайындауда колхозға көмектесіп жүр. Жоғары класс оқушылары колхоз өндірісінде еңбек етіп, белсене көмектесуде.

А. САДЫҚОВ.

ИНДИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ДЕЛИ, 5 июль. (СОТА). Кәсіподақтардың Бүкілиндиялық конгресінің бас секретары Данге мәлімдеме жариялап, онда жұмыссыздықтың көбеюіне қарсы 30 июльде наразылық ереуілін өткізген қорғану өнеркәсібінің 230 мың жұмысшысының бірлігі мен ұйымшылдығын атап көрсетеді. Кәсіподақтардың Бүкілиндиялық конгресі, деп мәлімдеді Данге, капиталистердің шабуылына қарсы күресу мақсатымен өнеркәсіптің барлық салаларындағы және барлық мамандықтардың жұмысшыларын қорғану өнеркәсібі жұмысшыларының бірлігіндегі бірлікті күшейтуге шақырады. Дангенің мәлімдемесінде кәсіподақ-

тардың Бүкілиндиялық конгресі үкметтен жұмыссыздарға 500 миллион рупий мөлшерінде дереу көмек беруді талап еткендігі атап көрсетілді. Сол сыяқты, конгресс кедейленген тұтынушылардың товарларды сатып алуына мүмкіншілік беру үшін барлық тұтыну товарларының бағасын 30 процент кемітуді талап етіп отыр. Бұл шара товар айырбастау мәселесін шешуге мүмкіншілік береді. Кәсіподақтардың Бүкілиндиялық конгресі мұнан кейін кәсіпорындардың иелеріне кәсіпорындарын жабуға және жұмысшыларды жұмыстан шығаруға тыйым салатын заң шығаруды талап етуде.

ГОМИНДАНШЫЛАРДЫҢ БИРМАДАҒЫ ӘРЕКЕТІ

ЛОНДОН, 5 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Рангуннан үкметті жақтайтын «Нью таймс оф Бирма» газетінің хабарына сүйеніп, осы газеттің

Бирмадағы генерал Ли Миндң гоминданшыл бандалары «жаңа шабуыл жасауға жанталаса қайтадан қарулануда» деген хабарын берді.

Газеттің хабарына қарағанда, Тайваньнан жаңа оқ-дәрі, қару-жарақ әкелетін ауыр самолеттерді қабылдауға болатындай етіп, Монг-Сатедегі аэродром кәзіргі уақытта ұлғайтылуда көрінеді.

ЖАПОН ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПЕКИН, 5 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлайды: Токиодан алынған хабарға қарағанда, 4 июльде 3 миллион жапон жұмысшылары ереуілге тыйым салу туралы Иосида үкметі жасаған заң жобасына қарсы наразылық білдіру ретінде ереуіл жариялап, жаппай жыйналыстар өткізген.

Ереуілге қатысушы жұмысшылар Жапония кәсіподақтарының бас советінің құрамына кіретін 13 кәсіподақтардың мүшелері болып табылады.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БІР УНИВЕРМАГТА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БЕЛИНСКИЙ»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА

«АКТРИСА»

Сеанстар сағат 3-8-10-да басталады.

Петропавл қаласы, 3-кузнецкая көшесі, 9-үйде тұрушы Николай Николаевич Шаталов Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 54-үйде тұрушы Любовь Ивановна Пятакнан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДЫ КЕҢІНЕН МЕХАНИКАЛАНДЫРАЙЫҚ

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін тұрақты жемшөп базасын жасау, республиканың ауылшаруашылық органдарының, МТС-терінің, ММШС-терінің, колхоздары мен совхоздарының аса маңызды міндеті болып табылады.

Тұрақты жемшөп базасын жасау көкшөп конвейерін ұйымдастыруды, пішен дайындауды, шөп сүрлеуді, жемістемірді дақылдар өсіруді, малды құнарлы азықпен қамтамасыз етуді талап етеді.

Пішен мен сүрленген шөп малдың барлық түлігі үшін ең маңызды азық болып табылады. Олар салмағы жағынан қыста берілетін барлық жемшөптің 80 процентінен асады. Сондықтан колхоздар мен совхоздардың пішен дайындауда және шөп сүрлеуде бұған ерекше маңыз беріуі өте орынды. Пішен дайындау мен шөп сүрлеу жоспарының сөзсіз толық орындалуы үшін жемшөп дайындау жұмысын барынша механикаландыруға, пішенді шөмелеу, үю және маялау жұмысына МТС-тер мен ММШС-тердің кеңінен қатысуы керек.

Жемшөп дайындауды барлық жағынан механикаландыру үшін өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін мол өнімді шөп машиналарынан бастап қарапайым маялауыштар мен шөпүйгіштерге дейінгі барлық құралдарды толық пайдаланудың маңызы өте зор.

Шөп жыйнайтын механизмдерді агрегатқа айналдыру өте қолайлы. Бір агрегатта шөп машиналарын, жанама тырнауыштарды, шөп жыйнағыш-шөмелегіштерді пайдалану жөнінде Қостанай облысындағы Сүлүкөл қой совхозының тәжірибесі өте бағалы. Мұнда СТЗ—НАТИ тракторынан, үшшалғылы шөп машинасынан, жанама тырнауыштардан, шөп жыйнағыш-шөмелегіштерден құрылған агрегат шөпті шабу, тырмалап жыйнау, шөмелеу жұмыстарын

бір мезгілде жүргізіп отырады. Мұндай агрегаттың жұмыс өнімділігі күніне 23—25 гектар.

Заводта жасалып шыққан шөп жыйнағыш-шөмелегішті пайдалану жөнінде Курган облысы мен Краснодар өлкесі механизаторларының тәжірибесі де республикада таратуға тұрарлық. Кубаньда ПК—1,6 шөп жыйнағыш-шөмелегішше 9,5 метрлік сүйретпе тіркеледі. Мұның өзі жалпақ темір, сырық ағаш және басқа материалдан жасалған 11 жетектен құралады. Сүйретпенің ұшына көлденең жұмыр ағаш байланады, оның бір жағы өзін ұстап келе жатқан жетектен оп-оңай босатыла қояды.

Шөп жыйнағыш-шөмелегіштің маңысы шөмелені жыйнақтай келіп, оны жәй ғана босата салады. Шөмеле жыйнағыш-шөмелегіштің табанынан жерге сырғып түспей, сүйретпенің үстіне барып түседі. Сүйретпенің соңындағы көлденең жұмыр ағаш орап алған шөмеле онымен бірге трактордың соңынан сүйретіліп отырады. Мұндай сүйретпеге шөп жыйнағыш-шөмелегіштен шыққан 3—4 шөмелені сыйғызуға болады. Шөп жыйнағыш-шөмелегіштің камерасында шөп жыйналған кезде дайын болған шөмеле жақсы нығыздалған болса, ұзындығы 7 метр, салмағы 4—5 тонналық пішен күдесі жасалады. Жетектің артқы көлденең жұмыр ағаштар жалғанған ілмешегін ағытып жіберген кезде, күде сол жерде қалып қояды. Мұндай күдені ұзақ сақтау үшін оған қосымша шөп үю керек.

Осындай агрегаттың бағалы болатындығы сол — оны әрбір МТС-те, әрбір колхозда немесе совхозда қолдануға, өнеркәсіп өндірісінде жасалған шөп жыйнағыш-шөмелегішті неғұрлым тиімді пайдалануға болады. Шөмелелерді маялайтын жерге жеткізу үшін арқанды, сүйретпені, ал маялау үшін — маялауыш торларды қолдану қажет.

Быйылғы жылы республиканың МТС-тері мен совхоздары 3 мыңнан аса арқанды сүйретпе алады. Қос трактормен тартылатын мұндай сүйретпенің жұмыс өнімділігі, егер шөмеле жыйнауға және пішен маялауға шөптің өнімі гектарына 10 центнерден келсе, онда күніне 80 гектардан 120 гектарға дейін жетеді.

Арқанды сүйретпенің көмегімен маяның негізі жасалады. Ол үшін сүйретпені қатар тұрған шөмелелер арқылы жүргізеді де, оларды үлкен шөмеле етіп жыйнайды. Осындай бірнеше шөмеле маяға негіз болады. Мұнан кейін маяның үстіне маялағыш торды жайып жібереді де, оның бір жағын арқанға байлайды, бұл орнында қозғалмай тұрады, ал екінші жағын маяның үстіне артып қояды да, тракторлардың арқанды сүйретпені шөпті жеткізетін жеріне жаяды. Тракторлар пішенді тордың үстіне әкеліп тастағаннан кейін олар тағыда пішен тасый береді. Шөпті маялап жатқан жұмысшылар маялағыш тордың бір ұшы шөмеленің үстінен алып, оны маяға қарама-қарсы тұрған жеңіл тракторға жалғанған арқанмен байланыстырады. Мұнан кейін трактор қозғала бастайды, ол тордың жоғары ұшы тартып әкетеді де, шөпті маяның үстіне, қажетті жерге сүйреп шығарады, содан соң тор босатылып алынады. Сол трактордың өзі маяның жұмыс істеліп жатқан жағына шығып, торды маяның алдындағы бұрынғы орнына әкеліп түсіреді.

Маялаудың мұндай әдісі бір тартқан-ның өзінде маяның үстіне бірден бірнеше тонна пішен шығаруға мүмкіндік береді және маялауды бітірер кезде ғана жұмыстың қолмен істелуін талап етеді.

Сол сыяқты, пішенді транспорттерлік шөп маялауыштар арқылы маялау әдісі де прогрессивтік әдіс болып табыла-

ды. Мәселен, бұл үлгідегі шөп маялауыштар Талдықорған облысы, Сарқанд ауданында кеңінен қолданылуда. Мұнда өткен жылы «Производственная смышка» колхозында ғана жергілікті колхоз өнертапқышы Балько жолдас жасап шығарған екі транспорттерлік шөп маялауышпен 2 мың тоннаға жуық пішен маяланды, бұл — колхоздың барлық жыйған пішенінің 90 процентінен артығы. Мұндай шөп маялауышты жасауға колхоз 600 сом ақша, 300 килограмдай металл, 0,75 текшеметр ағаш жұмсады.

Сарқанд МТС-інің қамтуындағы басқа колхоздарда сол МТС-тің механигі Родин жолдастың жасап шығарған моторлы транспорттерлік шөп маялауышы жұмыста жақсы нәтиже берді. Талдықорған облысының МТС-тері мен колхоздары пішен шабу басталғанға дейін бірнеше ондаған транспорттерлік шөп маялауыштар жасап шығарды.

Жоңышқа пішенін маялауда, әсіресе крандық шөп маялауыш жақсы нәтиже берді. Оның транспорттерлік шөп маялауыштан артықшылығы — ол шөмелелердің бөлшектеніп әкелінуін талап етпейді, қайта оның тұтастығын сақтауды керек етеді. Бірден бүтін бір шөмелені қымтып алып, оны мұның үстіне көтергенде крандық шөп маялауыш жоңышқа пішенінің барлық жапырағын аман сақтайды.

Быйылғы жылы республиканың МТС-тері мен ММШС-тері жемшөп сүрлеуге кемінде 930 қайта жабдықталған астық комбайндарын, ұра қазуға көптеген жер қазғыш машиналарды пайдаланады.

Үстіміздегі жылы Ақмола облысы, Новочеркас ауданы, Калинин МТС-і тамаша инициатива көрсетті. Оның қарауында жер қазатын машина болмағандықтан, ол іске жарамай қалған трактор доңғалатарының күшкерлерінен жербауырлағыш скреперлер жасап шығарған ДТ—54 тракторымен агрегатталған мұндай скрепер арқылы бір механизатор 11 сағаттың ішінде 160 текшеметрлік шөп сүрлейтін ұра қазған.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33.

партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сойлесуге болады.